ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ 90 ЖАСТА

ОСЫ МАҚАЛАНЫ ЖАЗУДЫ ҚОЛҒА АЛҒАНЫМДА, ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДА ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ЗАҢҒАР ЖАЗУШЫСЫ ӘБІШ АҒАМЫЗДЫҢ: «ӨЗ ЖАҚСЫЛАРЫМЫЗДЫ ӨЗДЕРІМІЗДІҢ ҰЛЫҚТАУЫМЫЗ ЕЛДІК МЕРЕЙІМІЗДІ КӨТЕРЕДІ» ДЕГЕН СӨЗІ КӨҢІЛІМЕ ОРАЛДЫ. ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ЖОЛЫМЕН КИЕЛІ МАҢҒЫСТАУДЫҢ ШЕТПЕ, АҚШЫМЫРАУ, ШАЙЫР ЖЕРЛЕРІНДЕГІ МЕКТЕПТЕРДЕ ҰСТАЗДЫҚ ЖҰМЫСТЫ АБЫРОЙЛЫ АТҚАРҒАН НИНА ХАМЗАҚЫЗЫ СӘРСЕКЕЕВА АПАЙДЫ ҚАРАТАУДЫҢ БОЙЫ, БОЗАШЫНЫҢ ОЙЫНДАҒЫ КӨЗІ ҚАРАҚТЫ АЗАМАТТАР ТАНИДЫ, БІЛЕДІ ДЕСЕМ АРТЫҚ АЙТҚАНДЫҚ БОЛМАС.

Санаулы күнде 90 жасқа толу мерекесін ұрпақтары атап өткелі отырған Нина апай өзінің өмір жолы туралы: «Мен, осыдан тоқсан жыл бұрын 17 желтоқсанда Гурьев (қазірде Атырау) облысының Теңіз (қазірде Құрманғазы) ауданының Нұржау ауылында шаруа жанұясында дүниеге келіппін. Әкем Хамза соғыс жылдарында азаматтар майданға аттанғанда колхоз басқарса, бертінде 99 жасқа келіп, өмірден өткен анам Ғазиза Орал қаласынан Рабфактан оқып, мұғалімдік мамандық алғасын, ауылда кітапханашы «Қызыл отау» меңгерушісі болды. Біздің балалық шағымыз Ұлы Отан соғысы жылдарымен ұштасқандықтан, кішкентайымыздан қолдан келгенше үлкендерге көмекші болып, өз замандастарым сияқты ерте есеюге тура келді. 1943 жылы мектепке барып, 1953 жылы кластастарым, Құрманғазы атындағы консерваторияның түлегі дәулескер домбырашы Бақыт Қарабалина, бүгінде еліміздің гимні «Менің Қазақстаным» өлеңінің авторы дарынды ақын Жұмекен Нәжімеденовтермен бірге орта мектепті жақсы бітірдім.

Сол жылы Ақтөбе қаласындағы Нұрпейіс Байғанин атындағы екі жылдық қыздар педагогикалық институтының физика-математика факультетіне түсіп, 1955 жылы аяқтаған соң мені Гурьев облысының оқу бөлімінің сұранысына орай Маңғыстау ауданына жұмсады. Ол уақыт қатынастың қиын кезі болғандықтан, мұғалімдер институтын бірге бітірген құрбыларым Қалампыр Нұрланова, Гүлжиһан (тегін ұмыттым) болып, Гурьевтен Форт-Шевченкоға теңіз арқылы «Кооператор» моторлы қайығымен екі күн жүзіп, одан әрі жүк тиелген «ГАЗ»-51 машинасының үстімен аудан орталығы Таушыққа жетіп, аудандық білім бөлімінің меңгерушісі Зейнолла Көшалиевтен Шетпе жеті жылдық мектебіне жолдама алып, Шетпе ауылына табан тіредім. Менің Маңғыстауға келуім осылай болды»,– дейді.

Еңбек жолын Шетпе жеті жылдық мектебінде 1955 ж. қыркүйегінде аға пионер вожатый болып бастаған апай, Маңғыстау ауданы мектептерінде ұстаздар жетіспеушілігі болғандықтан, 1958 жылдың тамызында аудандық оқу бөлімінің жұмсауымен Касира ағай Ақшымырау ауылындағы жаңадан салынған Калинин жеті жылдық мектебіне оқу-тәрбие жұмысының меңгерушілігіне жұмсалып, жас жанұя Ақшымырауға қоныс аударады,1960 жылдың жазына дейін Касира ағай да, Нина апай да мектептің сол уақыттағы байырғы ұстаздары Ғайнадин Құзыров, Сары Ыбыраев, Кенжеғали Бөрин, Байсейіт Тілебаев, Батпа Жанұзақова және өз құрбылары жас ұстаздар Апуза Жаппасова, Збайда Дүйскешова, Ноқат Бекжановалармен ынтымақтаса жұмыс жасап, мектептің оқу-тәрбие жұмысының сапасын жақсартуға үлес қосты. Аудандық білім бөлімі Касира ағайды 1960 жылы Шайыр ауылындағы мектепке оқу-тәрбие жұмысы меңгерушілігіне жұмсап, мектептің сегіз жылдық статусын алуға бағыт берді. Азаматының адал жары жұмыста шынайы көмекшісі болып, табиғатынан суретші әрі қолөнер шеберлігі қалыптасқан Нина апай мектепте математика пәнімен қатар қызмет көрсету пәнінен сабақ беріп, ұжымның алдыңғы қатарлы мұғалімдерінің бірі болды. Жұмыс жасай жүріп, 1975 жылы Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетін де сырттай оқып, жоғары білім иесі атанды. Мектептегі көп салалы жемісті еңбегі – 1978 жылы СССР Оқуағарту министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Өз білімін ұдайы көтеріп, шығармашылықпен іздене қызметтенген Нина Хамзақызы 1984 жылы Шымкент қаласында өткен республикалық озат ұстаздардың ғылыми-педагогикалық конференциясында «Қызмет көрсету пәнін оқытуда оқушылардың еңбек дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында баяндама жасап, іс-тәжірибесі республика көлемінде таратылды. Мектеп ұжымы, ата-аналар мен шәкірттерінің ықыласына бөленген ұстаз апайымыз көп балалы батыр ана болғандықтан, 1986 жылы құрметті еңбек демалысына шығып, жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі ұзақ жылғы еңбегі үшін «Қазақ ССР-ы халық ағарту ісінің үздігі» белгісі және «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. Мектеп дирекциясы ауданда алғашқылардың бірі болып, үлгілі қызмет көрсету кабинетін жасап, жабдықтаған методикалық шеберлігі жоғары тәжірибелі ұстазды 1996 жылға дейін жұмыс істеуге келісімін алды. Апай мектеп ұжымының сенімін ақтай білумен қатар, жарты ғасырға ұласқан қиындығымен қызығы мол ұстаздық қызметінде Шайыр мектебінде бірге жұмыстас болған әріптестері Тұрар Жалғасбаевты, Қалабай Жайлаубаевты, Мұратбай Сейітмағанбетовті, Нұржігіт Арықбаевты, Раушан Абдулинаны, Қойлыбай Қаражановты, Нұрлықыз Балқасымованы, Базарбай Мусабаевты, Ажар Қабылованы басқа да жас әріптестерін құрметпен еске алып отырады. Нина Хамзақызы жолдасы Шетпе, Шайыр мектептерінде ұзақ жылдар директор болған Касира Қасымовпен бірге Сәния мен Амангелді бастаған он бір ұл-қыз тәрбиелеп, олардың толықтай жоғары, арнаулы орта білім алуына бағыт беріп, соның ішінде әулеттің тоғыз ұл-қыз, келіндердің ұстаз болуына қол жеткізді. Апайдан білім мен тәрбие алған мыңдаған шәкірттердің алды зейнеткер атанса, еңбек жасындағылары халық шаруашылығының түрлі салаларында абыройлы еңбек етуде. Осы жолдардың авторы мен де өзге замандастарым сияқты ұстазым әрі класс жетекшім болған апайымның көңілінен шыққан шәкірттерінің әрі көп жылдар әріптестерінің бірі болғанымды мақтанышпен еске алып отырамын. Нина Хамзақызы ұлағатты ұстаз болуымен қатар, өзі тұрған жерлерде көпшілікпен алғаусыз араласып, ауылдың, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқандықтан, омырауындағы әр жылдары алған «Батыр ана», «Соғыс жылдарының балалары» (Дети войны) медальдары, «Ұлы жеңіске 75 жыл», «Маңғыстау ауданының құрметті азаматы», «Маңғыстау ауданына 90 жыл», «Ақтау қаласына 60 жыл» төсбелгілері апайдың халқына қалаулы азамат болғанының куәсіндей. Бүгінде апай – толғауы мол 90 жасқа әдемі қадам басып, денсаулығы жақсы, жады көңілдегідей болып, елінің аспанының ашық, жас ұрпағының амандығын тілеп отырған бақытты аналардың бірі.

Кемелхан ЕСБОЛОВ,
ҚР Білім беру ісінің үздігі.
Ақтау қаласы.

БІЛІМ БАСҚАРУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІСТЕР

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА 150 БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ БАСШЫЛАРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ОҚЫТУ СЕМИНАРЫНАН ӨТТІ.

«Mangystau Education Pro» жобасы аясында Маңғыстау облысының білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарларына арналған оқыту семинары өтті. Іс-шара 2025 жылдың 12, 14 және 18 қараша күндері үш топ бойынша ұйымдастырылып, 150 қатысушы қамтылды.

Семинарда оқу-тәрбие процесін басқарудың заманауи тәсілдері, әдістемелік жұмысты жүйелеу, сапа мониторингін жоспарлау және мектепішілік менеджментті жетілдіру мәселелері қарастырылды. Қатысушылар тәжірибелік тапсырмалар орындап, кәсіби тәжірибе алмасу алаңында жұмыс жасады.

Оқыту семинарын «Өрлеу» БАҰО» АҚ Маңғыстау облысы бойынша кәсіби даму институты филиалының кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының магистрі Рысгүл Жұмажанқызы жүргізді. Тренер семинар бағдарламасын мазмұнды әрі нәтижеге бағытталған форматта ұйымдастырды.

Семинар қорытындысында қатысушылар басқарудағы тиімді тәсілдерді меңгеріп, өз ұйымдарында сапаны арттыруға бағытталған практикалық модельдерді қолдануға дайын екендерін білдірді.

Серік ҚОЖАХМЕТОВ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жобаның атауы: «Опорная» МҚС №3 жылыту пешін реконструкциялау.

Ықпал ету аумағы: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Боранқұл ауылы.

Географиялық координаттары: 46.181015°с.е.; 54.494465°ш.б.;

Өтетін орны: 20 қаңтар 2025 жылы, сағат 10:00, мекен-жайы: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Боранқұл ауылы, мәдениет үйі ғимараты, Тәуелсіздік көшесі 16 А.

Zoom онлайн қосылымы үшін конференция идентификаторы: 763 9708 0055. **Кіру коды:** 1h7Li0

Бастамашы: «ҚазТрансОйл» АҚ, БСН: 970540000107, Астана қ., Тұран д-лы, 20, e-mail: Aronov.M@kaztransoil.kz; тел.: 8-71237-73-207.

Әзірлеуші: «ҚазТрансОйл» АҚ ЗӘО филиалы, БСН: 000941000473, Астана қ., М.Ғабдуллин к-сі, 2, e-mail: A.Murtazina@kaztransoil.kz; тел.: 8-7172-79-16-63.

Жоба материалдары мына веб-сайтта орналасқан: ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ https://ndbecology.gov.kz/ және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco.

Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты осы жерден алуға болады: Құлсары қ., Промзона, «ҚазТрансОйл» АҚ ҚМҚБ, e-mail: Aronov.M@kaztransoil.kz; тел.: 8-71237-73-207.

Ескертулер мен ұсыныстар осы жерледен қабылданады: ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ https://ndbecology.gov.kz/, «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Ақтау қ., 14-шағын аудан, 1-ғимарат, тел.: 8-7292-46-21-31, e-mail: mangystautabigat@gmail.com.

№611

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚазТрансОйл» АҚ 17.12.2025 жылдан бастап 5 жұмыс күні ішінде Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, «Қаражанбас» МАС мекен-жайында орналасқан «Қаражанбас» МАС. Арнайы техникаға арналған қалқа құрылысы»; Маңғыстау облысы Ақтау қаласы, Өмірзақ ауылы, «Ақтау» БМАС мекен-жайында орналасқан «Ақтау» БМАС. 2 автокөлікке арналған арнайы техника баспанасы» жобалары бойынша жария тыңдау өткізеді. Жобалық құжаттама пакетімен ескертулер мен ұсыныстар беру үшін ақпараттық жүйеде https://ndbecology.gov.kz/ және ЖАО сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco жарияланған қоғамдық талқылаулар бөлімінде танысуға болады.

Бастамашы: «ҚазТрансОйл» АҚ, Ақтау қ-сы, 8-шағын аудан, 38 Б ғимараты, e-mail:Anisimov@kaztransoil.kz, тел. 8(7292)479317.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ҚазТрансОйл» АҚ «ЗӘО» Филиалы, Ақтау қ., 22-шағын аудан, 10-үй, e-mail:Kanatbayeva_G@kaztransoil.kz, тел. 8(7292)479347, 479369.

№610

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес «Өзен–Жетібай–Ақтау» ММҚ бойында орналасқан учаскелердегі бүлінген жерлерді рекультивациялау (тарихи ластанулар) жобасына арналған қоршаған ортаны қорғау бөлімі жобасы бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулардың өтетінін хабарлайды. Ластанған жер учаскелері Маңғыстау облысының Мұнайлы, Қарақия, Маңғыстау аудандарының аумақтарында, сондай-ақ Ақтау және Жаңаөзен қалаларында орналасқан.

Жобалық құжаттармен танысуға, сондай-ақ ұсыныстар мен ескертулерді енгізуге ақпараттық жүйе https://ndbecology.gov.kz/ арқылы қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің қоғамдық тыңдаулар күнтізбесі бөлімінде 2025 жылғы 15–22 желтоқсан аралығындағы 5 жұмыс күні ішінде болады. Қаралып отырған жобалар бойынша ұсыныстар мен ескертулер жария талқылаудың соңғы күні сағат 18:00-ге дейін қабылданады.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы, Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы, 8-шағын аудан, 38 «б» ғимараты, тел.: 8 (7292) 20-79-331, e-mail: office-mnu@kaztransoil.kz.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ECOTERA» ЖШС, тел.: +7 7292 201100, моб.: +7 777 7201100, e-mail: info@ecotera.kz.

№608

«БАТЫС-ПЛАТИНА ЛОМБАРД» ЖШС КЕПІЛГЕ ҚОЙЫЛЫП ҚАЙТАРЫЛМАҒАН МҰЛІКТІҢ САУДА-САТТЫҒЫН ХАБАРЛАЙДЫ.
Уақыты, мекен-жайы: 2025 жылдың 26 желтоқсан күні, сағат 10.00-14.00-де, 26-22-103 кеңсе.
Сауда-саттық өткізу: ағылшын әдісі.

№604

19.04.2021ж. О.Р.КУШИКБАЕВ АТЫНА БЕРІЛГЕН №1462 САТУ-САТЫП АЛУ ШАРТЫ ЖОҒАЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН.

№609

"МАҢҒЫСТАУ МЕДИА" ЖШС
ЖАРНАМА БӨЛІМІ
8 7292 20 48 42 | жұмыс уақытында
8 778 145 90 93 | тәулік бойы қосулы
MAŃǴYSTAÝ MEDIA